Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды сақтамау салдарынан туындауы мүмкін:

- жабдықтың маңызды функцияларының істен шығуы;
- техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің нұсқамалық әдістерінің пәрменсіздігі;
- электрлік және механикалық факторлардың ықпал етуінен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдай туындауы.

1.5 Қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жұмыстарды орындау

Жұмыстарды орындау кезінде осы құжаттарда келтірілген қауіпсіздік техникасы бойынша қолданыстағы ұлттық жазбаларында қолданылатын пайдалану және монтаждау бойынша нұсқаулығында, сонымен қатар, тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды орындау, жабдықты пайдалану және қауіпсіздік техникасы бойынша кез келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушы немесе қызмет көрсетуші қызметкерлер үшін қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

- Егер жабдық пайдалануда болса қозғалмалы тораптар мен бөлшектердің қорғаныс қоршауын демонтаж жасауға тыйым салынады.
- Электр энергиясына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (ЭОЕ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын мұқият қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, қарау және құрастыруды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, қарау және құрастыру жұмыстарын орындауды осы жұмыстарға рұқсаты бар және құрастыру мен пайдалану бойынша нұсқаулықпен танысқан білікті мамандардың жүзеге асыруын қамтамасыз етуі қажет.

Барлық жұмыстар міндетті түрде жабдық ажыратылған кезде жүргізілуі тиіс. Жабдық тоқтатылған кезде, құрастыру мен пайдалану бойынша нұсқаулықта сипатталған әрекеттер тәртібі міндетті түрде сақталуы керек.

Жұмыстар аяқталған соң, бірден барлық демонтаждалған қорғаныс және сақтандырғыш қондырғылар қайта орнатылуы немесе қосылуы тиіс.

1.8 Қосалқы тораптар мен бөлшектерді өз бетінше қайта жабдықтау мен әзірлеу

Қондырғыны қайта жабдықтауға немесе түрлендіруге дайындаушының келісімімен ғана рұқсат беріледі.

Фирмалық қосалқы тораптар мен бөлшектер, сонымен қатар, дайындаушы фирма пайдалануға рұқсат берген жиынтық бұйымдар пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуге арналған.

Басқа өндірушілердің тораптары мен бөлшектерін қолдану, мұның салдары нәтижесінде туындаған жауапкершіліктен бас тартуына себеп болуы мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықтың пайдалану сенімділігі «Қолданылу саласы» бөлімімен келісе отырып, атқарымдылық тағайындауына сәйкес қолданылу жағдайында ғана кепілділік беріледі. Техникалық сипаттамасында көрсетілген шектік мүмкіншілік мәні барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы керек.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабық вагондарда, жабық автокөліктерде, әуе, өзен немесе теңіз көлігінде жүргізген дұрыс.

Механикалық факторлардың әсер етуіне қатысты жабдықты тасымалдау шарттары МЕМСТ 23216 бойынша «С» тобына сәйкес болуы қажет.

Тасымалдау кезінде оралған жабдықтар өз бетінше жылжып кетуді болдырмау мақсатында көлік құралдарына сенімді бекітілуі тиіс.

Жабдықты сақтау шарттары МЕМСТ 15150 «С» тобына сәйкес келуі қажет.

Қайта орауға дейінгі сақталымының рұқсат етілген мерзімі 23216 МемСТ бойынша 2 жылды құрайды. Сақтау мерзімі ағымында консервациялау талап етілмейді.

3. Құжаттағы символар мен жазбалардың мәні



Ескертпе
Атаулы талаптарды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті салдар тудыруы мүмкін.

Назар аударыңыз

Қауіпсіздік техникасы бойынша талаптар, орындау жабдық бұзылуына, сонымен қатар оның ақаулануына алып келулер.


Нұсқау

Жабдықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және жұмысын жеңілдететін ұсыныстар мен талаптар.

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Атаулы Нұсқаулық Control MX өрт сөндіру басқаруының аспабына (мәтін бойынша бұдан әрі – ӨБА) және Control VLV басқару шкафына (мәтін бойынша бұдан әрі - модульдер) таратылады.



Control MX фирмалық тақташа



1-сур. Control MX фирмалық тақташа

- АЭП шартты үлгілік мәні;
- модельдің шартты белгісі (A98541977 болғанда-өнімнің сегіз санды нөмірі, P2 – зауыт белгісі, Грундфос Ресей 14 – дайындалған жылы, 12 – дайындалған аптасы);
- сериялық нөмірі;
- өндірістік тапсырыс нөмірі;
- Электрмен қоректену көрсеткіштері;
- Қондырғының номиналды тогы;
- қоршаған ортаның температурасы;
- қорғаныш сыныбы;
- АЭП қоректендіретін сорғыштар саны(негізгі және резервтік);
- Сорғылардың қуаты (негізгі және резервтік);
- Сорғылардың төменгі тогы (негізгі және резервтік);
- Сорғылардың жоғарғы тогы (негізгі және резервтік);
- Негізгі сорғылармен басқару әдістері (негізгі және резервтік);
- АЭП қоректенетін қосымша сорғылар саны (жокей-насос, сусіңгіш насос);
- қосымша сорғылар қуаты (жокей-насос, сусіңгіш насос);
- қосымша сорғының минималды тогы
- қосымша сорғылардың максималды тогы (жокей-насос, сусіңгіш насос);
- қосымша сорғылар қуаты (жокей-насос, сусіңгіш насос) басқару тәсілі
- опциялар;
- опциялар;
- опциялар;
- ТШ мәні;
- нарықта хабарласу белгілері;
- Дайындаушы ел;
- Компания логотипі.

CONTROL VLV фирмалық тақташасы

1	Type: Control VLV-S 1x1,6-2,5 A 380 V DOL-II	
2	Model: A98597667 P2 1516	Serial No.:
4	Order No.:	
5	Mains supply:	In:
7	Ambient Temperature:	IP:
9	MVValve: Number P kW I min I max Switch -mode	11
10		12
		13
14	Options for each MVValve:	
15	Options for system:	
16	None standart option:	
17	TY 3432-021-59379130-2014	
18	 Made in Russia	19
		20

2-сур. Control VLV Фирмалық тақташа

- 1 – шкафтың типтік шартты белгілері;
- 2 – модельдердің шартты белгілері (мұндағы, мысалы: A98597667 – өнімнің сегіз мәнді нөмірі, P2 - Ресей Грундфос зауытының белгісі, 15 – дайындау жылы, 16 – дайындау аптасы);
- 3 – сериялық нөмір;
- 4 – өндірістік тапсырыс нөмірі;
- 5 – электр қорегінің көрсеткіштері;
- 6 – номиналды ток;
- 7 – қоршаған ортаның температурасы;
- 8 – шкафтың қорғаныш сыныбы;
- 9 – атаулы шкаф қоректендіретін электр жетегінің ысырмаларының саны;
- 10 – ысырмалар электр қозғалтқыштарының қуаты, кВт;
- 11 – ысырмалардың мейлінше төмен тогы, А;
- 12 – ысырмалардың мейлінше жоғары тогы, А;
- 13 – негізгі ысырмалар іске қосылымының әдісі;
- 14 – опциялары;
- 15 – опциялары;
- 16 – стандартты емес опциялары;
- 17 – ТТ мәні;
- 18 – нарықтағы айналым белгісі;
- 19 – дайындаушы ел;
- 20 – компания логотипі.

Control MX типтік мәні

Мысал	Control MX	1	1	2-4A	DOL	-I	+OPS
Типтік қатар							
Жүйедегі жұмыс сорғысының саны							
Жүйедегі резервтік сорғы саны							
Сорғының номиналды тогы							
Сорғыны іске қосу әдісі:							
DOL: Тікелей қосу							
S/D: Жұлдыз/үшбұрыш іске қосуы							
SS: бірқалыпты іске қосылу (негізгі сорғы)							
Құрылымдық орындау типі:							
I: Жерге орнату Орындалысы							
II: Аспалы орнатылым							
OPS: Опцияларды құрамдастыру мәні (егер бар болса)							

Control VLV типтік мәні

	Control VLV-S*	1	x1,6-2,5A	380V	DOL	-II
Типтік қатар						
1 - іске қосылатын ысырма саны						
1,6-2,5A - әр ысырмадағы жұмыс тогының диапазоны						
380V – қуат көзі кернеуі						
DOL – іске қосу әдісі						
I – жермен (Control-де VLV қолданылмайды)						
II – аспалы						

* S – жиілікті қайта өзгертусіз

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе
Қолмен істелетін көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалар мен қағидалардың шектеулерін сақтаған жөн

Назар аударыңыз

Сорғыны қоректендіру кабелінен тыс көтеруге тыйым салынады.

6. Қолданылу аясы

Control MX өрт сөндіруінің басқару аспаптары өрттік бақылау –қабылдау аспаптарынан, объект автоматикасының өрттік басқару құралдары мен басқа техникалық жабдықтарының хабарламасын қабылдауы, орталықтандырылған бақылау бекетіне тәулік бойы кезекшілік жүргізетін персоналымен орынға тікелей байланысты канал бойынша алынған ақпаратты беруге, сонымен қатар басқарманың кері командасын қабылдауларын қамтамасыз етуге арналған. Control VLV модулі Control MX АЭП-дағы электр жетегі ысырмасына қосымша қосылуға арналған.

7. Қолданылу қағидаты

Іске қосу режимдерін таңдау

Control MX ӨСБА өрт сөндіруді іске қосудың болуы мүмкін үш нұсқаны таңдау мүмкіндігі бар:

1. Рет бойынша бірінші негізгі сорғыны іске қосу үшін «Іске қосуға берілетін сигнал» немесе «Қашықтықтан іске қосу» клеммаларына тартылған іске қосуға берілетін сигналы және тегеурінді коллекторде орнатылған екі қысым релесінің біреуімен белгіленетін және «HEMЕСЕ» схемасы бойынша қосылған тегеурінді коллектордағы қысымның түсуі туралы сигналы болуы тиіс.
2. Рет бойынша бірінші негізгі жұмыс сорғысын іске қосу үшін, тек «Іске қосуға берілетін сигнал» немесе «Қашықтықтан іске қосу» клеммаларына тартылған іске қосуға берілетін сигналы болуы керек. Бұл кезде тегеурінді коллекторда «HEMЕСЕ» схемасы бойынша орнатылған екі қысым релесінен берілетін сигналдар тек өрт сөндіру алгоритмін әрі қарай жұмыс істетуді үшін керек (жұмыс режиміне шығуын белгілеу, қосалқы сорғыларды іске қосу мүмкіндігі ж.т.б.)
3. Рет бойынша бірінші негізгі сорғыны іске қосу үшін, тек «HEMЕСЕ» схемасы бойынша орнатылған екі қысым релесінің біреуінен берілетін тегеурінді коллектордағы қысымның төмендеуі туралы сигналының болуы керек. Control MX ӨСБА басқарылатын сорғылар жұмысының жалпы алгоритмі төменде ұсынылған:

Іске қосудың кез-келген таңдалған нұсқасында ӨСБА есігіндегі қолмен басқарылатын үш айқындамалы ауыстырып қосқыштың көмегімен өрт сөндіру қондырғысын қолмен қосу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл кезде егер іске қосудың бірінші нұсқасы таңдалған болса, онда кезек бойынша бірінші негізгі сорғыны іске қосу үшін, ӨСБА шкафының есігіндегі қолмен басқарылатын үш айқындамалы ауыстырып қосқыштан іске қосқаннан кейін, тегеурінді коллектордағы екі реленің біреуінен қысымның төмендеуі туралы сигналды күтеді, басқа екі жағдайларда кезек бойынша бірінші негізгі сорғыны іске қосу бірден жүргізіледі.

Іске қосу нұсқасын таңдау «Баптаулар» мәзірінде жүзеге асырылады (10.7.6 «Баптаулар» Мәзірі тарауын қар.).

Іске қосудың кідірісі

Control MX БП іске қосудың әрбір нұсқасына арналған өрт сөндіру жүйесін қолмен және автоматты режимде іске қосу мүмкіндігі бар, бұл іске қосуға берілетін сигналдың (сигналдардың) келіп түсуі және өрт сөндіру жүйесінің жұмысының тікелей басталуы арасындағы уақыт кідірісіне әсер етеді.

Іске қосудың автоматты режимі

Іске қосудың «сыртқы сигнал + қысымның түсуі» нұсқасында қажетті сыртқы сигналды «Іске қосуға берілетін сигнал» клеммаларына қосқан кезде, жүйе автоматты режимде іске қосылуы мүмкін.

Іске қосуға сигнал келіп түске кезде, ӨСБА бақылаушысы жүйенің шығуындағы қысымды тексереді, іске қосудың екі шартында белгілеген кезде іске қосуға дейінгі уақытты санауды басталады (тапсырыс берушімен анықталады, 30 сек. кем емес). Берілген уақыт аралығы өткеннен кейін өрт сөндіру алгоритмін жұмыс істетуді басталады.

Іске қосудың «тек сыртқы сигнал» нұсқасында қажетті сыртқы сигналды «Іске қосуға берілетін сигнал» клеммаларына қосқан кезде жүйе автоматты режимде іске қосылуы мүмкін. Іске қосуға сигнал келіп түскен кезде, ӨСБА бақылаушысы іске қосуға дейінгі уақытты санауды бастайды (тапсырыс берушімен анықталады, 30 сек. кем емес). Берілген уақыт аралығы өткеннен кейін, өрт сөндіру алгоритмін жұмыс істетуді басталады.

Іске қосудың «тек қысымның түсуі» нұсқасында «Іске қосуға берілетін сигнал» немесе «Қашықтықтан іске қосу» клеммаларында қандайда бір қосылулар немесе сигналдар болмаған кезде, жүйе автоматты режимде іске қосылуы мүмкін, қысымның түсуін ең болмаса бір релемен белгілеген кезде, ӨСБА бақылаушысы іске қосуға дейінгі уақытты санауды бастайды (тапсырыс берушімен анықталады, 30 сек. кем емес). Берілген уақыт аралығы өткеннен кейін өрт сөндіру алгоритмін жұмыс істетуді басталады.

Іске қосудың қолмен басқару режимі

Іске қосудың «сыртқы сигнал + қысымның түсуі» нұсқасында қажетті сыртқы сигналды «Қашықтықтан іске қосу» клеммаларына қосқан кезде, жүйе қолмен басқару режимінде іске қосылуы мүмкін. Іске қосуға сигнал келіп түске кезде, ӨСБА бақылаушысы жүйенің шығуындағы қысымды тексереді, іске қосудың екі шартында белгілеген кезде, іске қосуға дейінгі уақытты санауды басталады (тапсырыс берушімен анықталады, 30 сек. кем емес). Берілген уақыт аралығы өткеннен кейін, өрт сөндіру алгоритмін қандайда бір кідіріссіз жұмыс істетуді басталады.

Іске қосудың «тек сыртқы сигнал» нұсқасында қажетті сыртқы сигналды «Іске қосуға берілетін сигнал» клеммаларына қосқан кезде, жүйе қолмен басқару режимінде іске қосылуы мүмкін. Іске қосуға берілетін сигнал келіп түске кезде, ӨСБА бақылаушысы өрт сөндіру алгоритмін қандай да бір кідіріссіз жұмыс істетуді бастайды.

«Іске қосуға берілетін сигнал» немесе «Қашықтықтан іске қосу» клеммаларында қандай да бір қосылым және/немесе сигналдарының болмауы кезінде «тек қысым түсуі» іске қосылуының нұсқасында жүйе қолмен қосу режимінде іске қосылуы мүмкін, ең болмағанда бір релемен қысымның түсуін белгілеу барысында ӨСБА контроллері өрт сөндіру алгоритмін өңдеуді қандай да бір кешіктіруге бастайды. Сонымен қатар ӨСБА есігінде үш айқындамалы ауыстырып қосқыш көмегімен белгісімен белсендіруге болады. Қолмен ауыстырып қосудан іске қосу кезінде (іске қосудың таңдалып алынған кез-келген режимінде) алгоритмді өңдеу қандай да бір кешігусіз басталады.

Іске қосу нұсқасын таңдау «Баптаулар» мәзірінде жүзеге асырылады (10.7.6 «Баптаулар» Мәзірі тарауын қар.).

Іске қосудың кешігуін тарату және іске қосуды тарату төменгі кестеде көрнекі түрде берілген.

	Автоматты режимдегі іске қосу шарттары (іске қосудың кідірісі, 30 сек. бастап)	Қолмен басқару режиміндегі іске қосу шарттары (іске қосудың кідіріссіз)
Сыртқы сигнал және тегеурінді коллектордағы релелердің біреуінен қысымның түсуі бойынша іске қосу	Тегеурінді коллектордағы екі реледе ӨСБА қосылған, іске қосуға берілетін сигнал «Іске қосуға берілетін сигнал» клеммасына келеді.	Тегеурінді коллектордағы екі реледе ӨСБА қосылған, іске қосуға берілетін сигнал «Қашықтықтан іске қосу» клеммасына келеді немесе ӨСБА есігіндегі үш позициялы қолмен басқарылатын ауыстырып қосқышы қолданылады.
Тек сыртқы сигнал бойынша іске қосу	Тегеурінді коллектордағы екі реледе ӨСБА қосылған (жүйенің іске қосылуына қатыспайды, бірақ оның әрі қарайғы жұмысын қадағалайды), іске қосуға берілетін сигнал «Іске қосуға берілетін сигнал» клеммасына келеді.	Тегеурінді коллектордағы екі реледе ӨСБА қосылған (жүйенің іске қосылуына қатыспайды, бірақ оның әрі қарайғы жұмысын қадағалайды), іске қосуға берілетін сигнал «Қашықтықтан іске қосу» клеммасына келеді немесе ӨСБА есігіндегі үш позициялы қолмен басқарылатын ауыстырып қосқышы қолданылады.
Тек тегеурінді коллектордағы релелердің біреуінен қысымның түсуі бойынша ғана іске қосу	Тегеурінді коллектордағы екі реледе қосылған, сыртқы сигналдар қолданылмайды.	Тегеурінді коллектордағы екі реледе қосылған, болуы мүмкін іске қосуға берілетін сигнал «Қашықтықтан іске қосу» клеммасына қосылған немесе ӨСБА есігіндегі үш айқындамалы қолмен басқарылатын ауыстырып қосқыш қолданылады.

Экранда берілетін «Іске қосуға берілетін сигнал» тек қана сәйкес кірістің тұйықталған жағдайы болып табылады. Стансаның іске қосылу алгоритмін сынау тек қана экранда кері есептің біткенін көрсететін «нөл» мәні бар өріс бар жағдайда ғана мүмкін. Бұл режимде сорғы қысымды магистральдегі (1 іске қосу нұсқасы) қысым релесінен іске қосу бұйрығын күтеді, не кері есеп біте салысымен кезектегі бірінші негізгі сорғы іске қосылады. (2 іске қосу нұсқасы)

Нұсқау

Стансаны бастапқы жай-күйіне қайтару үшін «іске қосылымды қайтару» алмастырғышы қосылғаннан кейін, іске қосу сигналы деактивтендірілгендігіне және кіріс ажырағандығын көз жеткізу керек.

Нұсқау

Control MX ӨСБА басқаратын сорғыларының жұмысының жалпы алгоритмі төменде көрсетілген:

Негізгі сорғы

Бақылауға алынатын параметрлер:

- қызып кету (сәйкес сорғының РТС датчигі);
- қысқаша тұйықталу және ток бойымен артық жүктеліміне (сәйкес сорғының қозғалтқышының қорғаныш автоматы, ұосымша байланыс);
- сорғыдан шығудағы қысым жетіспеушілігі (сәйкес сорғының қысым релесі).

Іске қосу параметрі:

- «Қашықтықтан іске қосу»/«Іске қосуға берілетін сигнал» сигналдары (іске қосудың таңдалып алынған нұсқасына байланысты);
- алдыңғы негізгі сорғының қызып кетуі;
- алдыңғы негізгі сорғының қысқаша тұйықталуы немесе ток бойымен артық жүктелімі (оның болуы жағдайында);
- алдыңғы негізгі сорғының шғуындағы қысым жетімсіздігі (оның болуы барысында, сәйкес сорғының қысым релесі);
- негізгі сорғының кезек бойынша біріншісін іске қосу кезінде (тегеурінді коллектордағы 2 қысым релесі, таңдап алынған іске қосу нұсқасына байланысты «НЕМЕСЕ» сызбасы бойынша қысымның болмау сигналы) немесе оператордың панелінен бапталатын t уақытының өтуі бойынша негізгі сорғының кезегіндегі алдыңғы іске қосылудан кейінгі (тегеурінді коллектордағы 2 қысым релесі, қысымның болмау сигналы «ЖӨНЕ» сызбасы бойынша) тегеурінді коллектордағы қысым жетімсіздігі.

Ағыту параметрлері:

- қызып кету;
- қысқаша тұйықталу немесе ток бойынша артық жүктелім;
- сорғыдан шығудағы қысым жетімсіздігі (сәйкес сорғының қысым релесі);
- тегеурінді коллектордағы қысым жетімсіздігі (тегеурінді коллектордағы 2 қысым релесі, «И» сызбасы бойынша қысымның болмау сигналы). Олардың ішіндегі соңғысын іске қосқан соң, оператордың панелінен бапталатын t уақытының ішінде барлық негізгі сорғының авариясыз жұмыс жағдайлары барысында бірінші негізгі сорғының ағытылуы орын алады.

Резервті сорғы

Қадағалайтын параметрлер:

- қызып кету (сәйкес сорғының РТС датчигі);
- сорғыдан шығуға қысым жеткіліксіздігі (сәйкес сорғының қысым релесі).

Іске қосу параметрі:

- барлық негізгі сорғыны іске қосуға берілген сигналдар жағдайларында кез-келген басты сорғының ағытылуы (ағыту параметріне сәйкес). Кез-келген басты сорғыны ағытқан соң, кезегі бойынша бірінші резервті сорғы іске қосылады;
- алдыңғы резервті сорғының шығудағы қысым жетімсіздігі (сәйкес сорғының қысым релесі);
- алдыңғы резервті сорғыны іске қосқаннан соң, оператордың панелінен бапталатын t уақытының өтуі бойынша тегеурінді коллектордағы қысым жетімсіздігі (тегеурінді коллектордағы 2 қысым релесі, «ЖӨНЕ» сызбасы бойынша қысымның болмау сигналы)

Резервті сорғының қателік параметрі:

- қызып кету (қызып кеткен кезде басқа да қателіктер болмаған жағдайда тек резервті сорғының авариясы туралы сигнал беріледі);
- сорғыдан шығудағы қысым жетімсіздігі (сәйкес сорғының қысым релесі);
- ағымдағы резервті сорғыны іске қосқаннан соң, оператордың панелінен бапталатын t уақытының өтуі бойынша тегеурінді коллектордағы қысым жетімсіздігі (тегеурінді коллектордағы 2 қысым релесі, «ЖӨНЕ» сызбасы бойынша қысымның болмау сигналы).
- Жұмыс режиміне шығу кезінде t уақытының кешігуінен кейін, кез-келген уақытта «1-қысым релесі» немесе «2-қысым релесі» немесе қызып кетуде, қысқаша тұйықталуда, ток бойымен артық жүктелімінде сорғылардың ауысуы және ақаулық туралы индикация кідіріссіз орны алады.

8. Құрастыру

Электр қорегінің, сорғылардың, датчиктердің және сыртқы бақылау-өлшеу аспаптарының кернеуін қосу қоса салынған электр сызбаларына, сонымен қатар атаулы объектіде қабылданған ережелер мен нормаларға сәйкес маманмен орындалуы тиіс.

Ескертпе

ӨСБА қосу және жөндеу сыртқы автоматты ажыратқыш немесе айырғышпен желіден оны ағытып алған соң ғана жүргізілуі тиіс. ӨСБА-тың екі қорек желісі бар. ӨСБА-ты желіден ағыту қорек көзінің екі кірісінің айырғыштарын ағыту жолымен жүргізіледі! Өрт сөндіру қондырғысы дайындаушы зауыттан толық сынақтан өткізіледі. Жабдықты қосу кезінде электрлі тізбегінің шығаруларын тұйықталуына және күштеп тұйықталу немесе іске қосуға әсер беруші аппаратураны қолмен іске қосуға жол берілмейді.

Атаулы талаптарды сақтамау қондырғының зақым алуына алып келуі мүмкін.

Қондырғыны орнатар алдында қондырғы, сорғылар және ӨСБА-тың техникалық сипаттамаларының тапсырыстарының ерекшеліктерінің сәйкестілігін анықтап алу керек.



Назар аударыңыз

Жүйе мен сорғылардың параметрлері техникалық сипаттамалары бар тақташада көрсетілген параметрлерге сәйкес келуін қадағалаған жөн. Міндетті түрде өрт сөндіру және ӨСБА қондырғысына салынатын құжатнамамен танысқан жөн.

8.1 Жалпы талаптар

ӨСБА қосылымы қосылымның электрлі сызбасы бойынша жүзеге асырылады, *1-қосымша* және *2-қосымшаға* қар.

8.1.1 Негізгі және резервті сорғыларды қосу

Пайдалануға енгізер алдында сорғылардың электр қозғалтқыштарының тақташасында көрсетілген деректерге сәйкес қорғаныш автоматтарының жылылық ажыратқыштарын орнатуға баптау керек (төлқұжаттарда, пайдалану бойынша нұсқауларда).



Назар аударыңыз

Қондырғыны пайдалануға енгізер алдында ӨСБА сорғыларының электрлі қосылымдарын механикалық зақымдалуына тексеріп алған жөн.

8.1.2 Дренажды сорғы, жокей-сорғы және электр жетегі бар ысырмалар қосылымы

Электр жетегі, басқару модулі, дренажды және жокей-сорғыларды бар ысырмаларды қосу барысында электрлі қағидатты сызбаны басымылыққа алу керек.

Сыртқы деңгей релесі бар дренажды сорғыны қосу (қалтқылармен)*

X9: 20, 21 клеммаларына деңгей релесін (қалтқылар) қосыңыз.

2-қосымшаға сәйкес X7 негізіндегі сәйкес келетін клеммаларға сорғының қорек кабелін қосыңыз.

Жокей-сорғыны қосу

X7 негізіндегі клеммаларға жокей - сорғының қорек кабелін қосыңыз. Жокей-сорғының қысым релесінен түсетін сигнал X9 негізіне қосылады. Жокей-сорғының қысым релесін пайдалану талаптарына сәйкес реттеу қажет

Электр жетегі бар ысырмаларды қосу

2-қосымшаға сәйкес X5/7 негізіндегі сәйкес келетін клеммаларға электрлі ысырмаларының жетегін қосыңыз.

Қосылым ысырманың жетегінің электрлі сызбасына сәйкес жүргізіледі (ысырмадан кері байланыс сигналдары қалыпты түрде ашық болуы тиіс).

Электрлі ысырмалар клеммалық негізінде 1-қосымшаға сәйкес 560 Ом және 200 Ом номиналды кедергісін орнату керек.

Қалып бойынша ӨСБА-қа 3x380 В электрлі ысырмаларымен басқару жүзеге асырылады. Control VLV қосымша модульдерін жинақтау кезінде ӨСБА басқара алады:

- төрт 3x380 В электрлі ысырмаларына дейін;
- бір 3x380 В электрлі ысырмаларымен және 3-ке дейінгі 1x220 В электрлі ысырмаларын.


Жиынтықтаудан басқа нұсқалары мүмкін емес.

Егер бірнеше ысырмалармен (төртке дейін) немесе 1x220 В қорек кернеуі бар ысырмасымен басқару талап етілетін болса, 1-қосымшаға сәйкес X8 клеммалық негіз ысырмаларын басқарудың қосымша модулін енгізу керек.

* – Дренаж сорғысы ретінде GRUNDFOS компаниясының сорғыларын пайдалану ұсынылады. Бөлек қалқымалы ажыратқышты (деңгей релесін) пайдалану керек.

8.1.3 Сигнал беру құрылғысын қосу

Сигнал беру құрылғысын қосу атаулы құрылғыларды пайдалану басшылығына (егер олар өрт сөндіру қондырғысының жиынтығына кірмесе) және қағидатты электр сызбасына сәйкес жүзеге асырылады (қалып бойынша қосылу X9 клеммнигіне сәйкес жүзеге асырылады). ӨСБА-да сигнал беру жүйесін үзіліуі немесе қысқаша тұйықталуға алдын ала қарастырылған. Осы функцияны қамтамасыз ету үшін, қосылу сызбасына сәйкес ӨСБА-қа әрбір қосылатын клеммалық негізге және құрылғының ысырмалармен басқару модуліне 560 Ом және 200 Ом номиналымен кедергі (ӨСБА жиынтығына қосылған) орнату керек (1-қосымша).



3-сур. Қысым релесінің корпусындағы кедергілерді (резисторларды) орнату мысалы

Диспетчерлеу сигналдарын қосу электрлі қағидатты сызбасына сәйкес жүзеге асырылады (қалып бойынша осы сигналдарға арналған қосылым клеммалары X10 клеммнигіне орналасқан).

X8 клеммнигіне Modbus RTU хаттамасы бойынша диспетчерлеу қосылымына арналған клеммалар мен қосымша ысырмаларымен басқару модулін қосуға арналған интерфейсші шығу орналасқан.

Егер құрамында өрт сөндіру құрылғысы пайдаланылатын өрт сөндіру автоматикасының жүйесінде 1-қосымшада қосылу сызбасына көрсетілген қосылым құрылғы болмаса, онда ӨСБА клеммаларына сәйкес келетін 560 Ом кедергіні орнату керек. Ерекшеліуі егер ӨСБА-қа қысым түсуі бойынша ғана іске қосу режимі таңдалып алынған болса, «ӨСБА-қа іске қосуға берілетін сигнал» тек X9: 2, 3 клеммнигіне ғана құрайды. Бұл жағдайларда кедергі орнатудың қажеттілігі жоқ. (8 сур. қар.)

Егер өрт қондырғысының сорғылары электр қозғалтқышының орамының температурасын бақылау датчиктерімен (PTC) жабдықталмаған болса, 200 Ом кедергісі арқылы сәйкес сорғының PTC датчигінің тізбектерін тұйықтау керек.

Егер кедергілер орнатылмаса, оператордың панелінің экранында байланыс желісінің үзілгендігі туралы хабарлама көрінбейтін болады.



4-сур. PTC датчигін қосу клеммаларында кедергі (резистор) орнату мысалы

Сыртқы құрылғыларды қосуды экрандалған кабельдер көмегімен жүргізу ұсынылады (электрлі қағидатты сызбасы бойынша), экрандарды тұйықтау нүктесі ӨСБА-тың құрастыру платасында орналасқан.

8.1.4 Қысым релесін дайындау


Пайдалану талаптарына байланысты қондырғының қысым релесін қосымша баптаулар талап етілуі мүмкін. Қысым релесін қосу экрандалған кабельмен жүзеге асырылады. Экранды жерге тұйықтау ӨСБА төменгі бөлігіндегі металлды гермоенгізілімдердің көмегімен орындалады (ӨСБА құрастыру панельдерінде металлды гермоенгізілім-қысқышы болмаған жағдайларда).

FRG-2 қысым релесін баптау

FRG-2 қысым релесін баптау үшін мына төмендегілер қажет:

- реле қақпағын ашу;
- қызыл көрсеткіштің үстіндегі реттеу винтінің көмегімен қысымның жоғарғы шегін баптау;
- жасыл көрсеткіштің үстіндегі реттеу винтінің көмегімен қысымның төменгі шегін баптау;
- реле қақпағын жабу.

Дәл баптауға қол жеткізу үшін, манометр қолдану керек.




5-сур. FRG-2 қысым релесін баптау

Potter қысым релесін баптау

Potter қысым релесін баптау үшін, мыналар қажет:

- реле қақпағын ашу;
- реттеу шығыршығының көмегімен қысым шегін баптау (жоғарғы шегі бойынша);
- реле қақпағын жабу.

Дәл баптауға қол жеткізу үшін, манометр қолдану керек.



6-сур. Potter релесін баптау

8.1.5 Қашықтықтан басқару құрылғысын қосу

Әрбір ӨСБА өрт сөндіру қондырғысының қашықтықтан іске қосу құрылғысымен (бұдан әрі мәтін бойынша - ҚІҚ) жабдықталады.

Құрылғы байланыс желісін бақылауға арналған кедергімен жабдықталған. Құрылғыны орнату қажеттілігі болмаған жағдайда оны қосу клеммаларына 560 Ом номиналы бар кедергі орнату талап етіледі.

ӨСБА бар құрылғыны жалғауды экрандалған кабельмен орнату ұсынылады. Экрандалған кабельді жерге тұйықтау ӨСБА құрастыру панеліне қапсырма көмегімен орындалады. ҚІҚ туралы анығырақ *10.4 ӨСБА-пен қашықтықтан жұмыс тарауын* қар.

8.1.6 Қондырғының электрлі қорегін қосу

Фазалы өткізгіштерді қосу QS1, QS2 айырғыштарының; бейтарап өткізуші - N клеммаларына немесе бейтарап шинаның, PE өткізгішінің қорғаныш өткізгішінің клеммаларына, PE клеммасына немесе жерге тұйықтау шинасына жүзеге асырылады. ӨСБА қосу кезінде электрлі қағидатты сызбасын басшылыққа ала отырып, фаза кезектесуінің тәртібін ескеру керек. Екі кіріс фазалары қате алмасса қондырғы іске қосылмайды, «Қорек» жасыл лампасы жанбайды. Кірістің біреуінің фазалары қате алмасса, басқару панелінде сәйкес кірістің ақаулығы жөнінде хабарлама шығады. Электр энергиясының тұтынушыларының I санаттағы қондырғыларының талаптарына сәйкес электр энергиясының бір-біріне байланыссыз екі көздерінен қорек қамтамасыз етілуі тиіс.

9. Пайдалануға беру

9.1 Дренажды сорғыларының, жокей-сорғының және электрлі жетегі бар ысырмаларының басқаруын баптау

Атқарушы механизмдерінің басқаруларын баптау пайдалануға енгізу процесінде ӨСБА басқару панелі арқылы жүзеге асырылады.

Баптау үшін әкімші режимне өтіп, өрт сөндіру алгоритмін іске қосу нұсқасын қосу, дренажды және жокей-сорғылармен басқаруды қосуды, электр ысырмаларын ашу және жабу саны мен уақытын орнатуды таңдайтын «баптаулар» мәзіріне ауысу керек (*10.7 Control MX оператор панелі индикациясы мен басқаруы тар. қар.*).

Баптау процесінде электрлі ысырмалар жұмысының дұрыстығын тексеру, жұмыс уақытын өлшеу және өлшенген 5 с-дан асатын электр ысырмаларының ашылу/жабылу уақытының мәзірінде орнату.

9.2 Қондырғыны суға толтыру

Өрт сөндіру қондырғысын суға толтырар алдында келесілерге көз жеткізіп алу керек:

- сорғылардың автоматты ажыратқыштары «ағытылған» күйіне ауысқандығын,
- тегеурінді магистральдағы ілмекті арматура жабық, одан кейін сорып алу магистралі мен сорғыны суға толтыру.

9.3 CR сорғылары бар қондырғыны сумен толтыру тәртібі



Ескертпе
Желдеткіш саңылаудың жағдайына және шығатын сұйықтықтың қызмет етуші персоналға, сонымен қатар сорғының басқа тораптары мен бөлшектеріне және басқару шкафына залал келтірмеуіне назар аударыңыз.

Назар аударыңыз

Сорғыны іске қосар алдында оған жұмыс сұйықтығын толтырып, ауасын шығару керек. Құрғақ айналымының барысында мойынтіректер мен білік тығыздағыш зақымдалуы мүмкін.

1. Тегеурінді магистральдағы ілмекті вентиль жабық, ал сорып алу магистраліндегі ілмекті вентиль ашық.
2. Ауа шығару үшін, бұрандалы тығынды бұрап босату және иіс ауасы арқылы сұйықтық толтыру.

3. Ауа шығаруға арналған тығынды қайта қою және мықтап тарту.
4. Сорғының басқы бөлігі мен желдеткіш қаптамасындағы нұсқармен көрсетілген дұрыс айналым бағытын белгілеу.
5. ӨСБА негізгі енгізілімінің айырғышын қоса отырып, қондырғыға қорек беру. Сорғылардың автоматты ажыратқышын «қосулы» «ON» күйіне ауыстыру.
6. «Қолмен қосу» режиміндегі оператор панелінің көмегімен сорғыны қосу (10.7 Control MX оператор панелі индикациясы мен басқаруы тар.) және айналым бағытын тексеру. ӨСБА екінші айырғышты «қосулы», бірінші - айырғышты «ажыратулы» күйіне ауыстыру және айналым бағытын қайта тексеру.



Ескертпе
Сорғылардың қолмен іске қосылымы оператордың панелінің ғана көмегімен жүзеге асырылады! Іске қосу реттегішінің аппаратын механикалық жолмен түйықтамаңыз, бұл ӨСБА ақаулығына алып келеді!

7. Сорғының басқы бөлігіндегі ауа жоюға арналған клапан арқылы ауаны сорғыдан шығару. Бір уақытта тегеурінді магистральда ілмекті вентиляді аздап ашыңыз.
8. Ауаны шығарудың операциясын жалғастыру. Бір уақытта тегеурінді магистральда ілмекті вентиляді тағы да аздап ашыңыз.
9. Ауа шығаруға арналған клапан арқылы сұйықтық шыға бастаған кезде, оны жабыңыз. Тегеурінді магистральдағы ілмекті вентиляді толғымен ашыңыз.
10. Операцияны қалған сорғылар үшін жалғастырыңыз.

1-ден 5-ке дейінгі CR, CRI, CRN

Осы типтегі сорғыларды пайдалануға енгізу кезінде ауыстырып қосу клапанын ашу керек. Қайта шығарылым клапаны сорғының толтырылым процесін жеңілдету үшін, оның тегеурінді және сорып алатын жағынан жалғастырады. Сорғының тұрақты жұмысы барысында қайта шығарылым клапанын жабуға болады. Құрамында ауа көпіршігі бар сумен және жұмыс қысымы 6 бар болғанда пайдалану барысында қайта шығарылым клапаны ашық күйінде қалуы тиіс. Егер жұмыс қысымы 6 бардан асып кететін болса, қайта шығарылым клапаны жабық болуы тиіс.

9.4 NB сорғылары бар қондырғыны сумен толтыру тәртіптері

Сорғы құрылымы құрамында қатты бөлшектері (лай, шлам) бар сұйықтықты айдауды қарастырады. Сорғыны іске қосар алдында құбыр желісінің жүйесін таза сумен жуу керек. Кепілдік сорғыны қолданған жүйені жуу кезінде алынған зақымдарды көрсетпейді.

Назар аударыңыз

Сорғыны іске қосар алдында оған жұмыс сұйықтығымен толтырып, ауаны шығару керек.

Нұсқау

9.4.1 Сорғыны толтыру

Айдау сұйықтығының деңгейі сорғының сорып алатын құбыр желісінің көлденең білігінен жоғары болатын гидрожүйелер:

1. Тегеурінді құбыр желісіндегі ілмекті арматураны жабыңыз және сорып алу құбыр желісіндегі ілмекті арматураны баяу ашыңыз. Сорғы да, сорып алатын құбыр желісі де толығымен айдау сұйықтығына толтырылуы тиіс.
2. Сорғыны толтыру тығынын (M) ауа шығару үшін босатыңыз. Клапаннан сыртқа сұйықтық шыға бастаған уақытта оны жабыңыз.

9.4.2 Кері клапанмен сорып алу режимі

Сорғы мен сорып алатын құбыр желісі айдау сұйықтығымен толтырылып, одан сорғы іске қосылғанға дейін-ақ ауа шығарылуы тиіс.

1. Тегеурінді құбыр желісіндегі ілмекті арматураны жабыңыз және сорып алу құбыр желісіндегі ілмекті арматураны баяу ашыңыз.
2. Ауа шығаруға арналған тығынын саңылаудан алып тастаңыз.
3. Айдау сұйықтығын сорғы мен сорып алатын құбыр желісін толық толтыру үшін, құю түтікшесі арқылы толтырыңыз.
4. Ауа шығаруға арналған тығынын саңылауға орнатыңыз. Құю түтікшесін ауа шығаруға арналған саңылауға орнатқандай етіп сорып алатын құбыр желісіндегі сәйкес келетін саңылауға орнатуға болады.

Айдау сұйықтығының деңгейі сорғының сорып алатын құбыр желісінің көлденең білігінен төмен болатын гидрожүйелер:

1. Егер ысырма сорғының сорып алатын құбыр желісінде орнатылған болса, ол толық ашық болуы тиіс.
2. Тегеурінді құбыр желісіндегі ілмекті арматураны жабыңыз және құю ауызының және дренажды саңылау мен дренажды саңылаудың бұрандалы тығынын тартыңыз.
3. Ауаны шығару үшін құюға арналған жабдықтың (құйғышпен) орнына қол вакуумды сорғыны қосу керек.
4. Вакуумды сорғыны артық қысымның ықпалынан қорғау үшін, осы сорғы мен ортадан тепкіш сорғы арасына бөліп таратқыш клапан орнатылады.
5. Қолмен басқарылатын вакуумды сорғының қасында бөліп таратқыш клапанды аша отырып сорғыш құбыр желісінен ауаны шығару керек. Бұл қысымды құбыр желісінен айдалатын сұйықтық ақпайынша қысқа, тез тербелісті жасау арқылы жүзеге асады.
6. Пневмосорғысымен қатар бөліп таратқыш клапанды жабыңыз.



Ескертпе
Сорғыны айналым бағытын тексеру үшін, оны толтыру орындаған сәтке дейін іске қоспаңыз.

7. Қозғалтқыш корпусындағы нұсқарлар дұрыс айналым бағытын көрсетеді. Егер сорып алатын ернемек жағынан қарасақ, білік сағат тіліне қарсы бағытта айналуы тиіс. Сорғыны іске қосар алдында сорып алу жағындағы ілмекті арматураны ашыңыз, айдау құбыр желісіндегі ысырма ашыңқы болуы тиіс.
8. ӨСБА негізгі енгізілімінің айырғышын қоса отырып, қондырғыға қорек беру. Сорғының автоматты ажыратқышын «қосулы» күйіне ауыстыру «ON».
9. Сорғыны оператор панелінің көмегімен «қолмен басқару» (аналогично установке с насосами CR, 10.7 Control MX оператор панелі индикациясы мен басқаруы тар.) режимінде қосу және айналым бағытын тексеру. ӨСБА екінші айырғышын «қосулы» күйіне, бірінші айырғышты - «ажыратулы» күйіне ауыстыру және айналым бағытын қайталап тексеру. Сорғыны қосу барысында одан айдау сұйықтығының ағыны шыққанға дейін ауаны шығарыңыз. ӨСБА бірінші айырғышын «қосулы» күйіне, екінші айырғышты - «ажыратулы» күйіне ауыстыру және айналым бағытын қайталап тексеру.

**Ескертпе**

Сорғыны қолмен іске қосу тек оператор панелінің көмегімен ғана жүзеге асырылады! Іске қосылымын реттегіш аппаратураны механикалық жолмен тұйықтамаңыз, бұл ӨСБА ақаулығына алып келуі мүмкін. Обращайте внимание на положение Желдеткіш саңылаудың жағдайына және шығатын сұйықтықтың қызмет етуші персоналға, сонымен қатар сорғының басқа тораптары мен бөлшектеріне және басқару шкафына залал келтірмеуіне назар аударыңыз.

10. Құбыр желісі сұйықтыққа толтырылған соңайдауға ілмекті арматураны толығымен ашылмайынша баяу ашыңыз.

9.5 Қондырғыны жұмыс режиміне ауыстыру

Қондырғыны суға толтырған соң, мыналарды орындау керек:

- қондырғының өрт сөндіру жүйесіне қосылымын тексеру (құбыр желісінің қосылымының герметикалылығын, қондырғыны өрттік автоматика объектісінің құрылғыларына қосу);
- сорғыларды, электрлі ысырмаларының, реле мен датчиктерінің қосылымын тексеру. Қолданылмаған тізбектері ӨСБА ішіндегі клеммаларға кедергі арқылы тұйықталуы тиіс;
- қосылған сорғылардың автоматты ажыратқышын және электрлі ысырмаларды «қосуды» күйіне ауыстыру;
- ӨСБА екі айырғыш «қосуды» күйіне ауыстыру;
- талап етілген ілмекті арматураны «ашық» күйіне ауыстыру (күйін тексеру);
- ӨСБА - ны автоматты жұмыс режиміне ауыстыру.

10. Пайдалану**10.1 Жалпы мәліметтер**

ӨСБА келесі функциялардың орындалуын қамтамасыз етеді:

- іске қосу кідірісінің уақытын орнату;
- іске қосу кідірісінің уақытын есептеу мүмкіндігін келесі оны қалпына келтіруі мүмкіндігі;
- жеке сорғы шығысының қысымын тексеру;
- санкцияланбаған қол жетімділіктен басқару органын қорғау;
- журналдағы оқиғалар туралы ақпаратты сақтау (оқиғалар туралы ақпаратты жою дайындаушы зауыттың өкілімен ғана жүзеге асырылады);
- ағынды құбыр желісінің қысымын іске қосар алдында тексеру;
- негізгі сорғылар автоматты іске қосу;
- негізгі сорғылар КЗ-дан, ток артығынан жүктемесі мен температурасының көтерілуінен қорғау;
- істен шығу жағдайында немесе берілген уақыт арасындағы режимге негізгі сорғылар шықпауында резервті сорғылар автоматты іске қосу 7. Қолданылу қағидаты қараңыз;
- қолмен іске қосу мүмкіншілігін сақтай отырып, сорғыны автоматты іске қосуынан қолмен ажырату;
- Дренажды сорғыны автоматты іске қосу мен ажырату;
- Дренажды сорғыны КЗ-дан қорғау;
- Дренажды сорғыны (іске қосу/ажырату/авария) күйінің индикациясы
- Автоматты, қолмен іске қосу және жокей-сорғыны ажырату;
- жокей-сорғыны КЗ-дан қорғау;
- жокей-сорғының (іске қосу/ажырату/авария) күйінің индикациясы;
- жабу арматурасының электр жетегін автоматты іске қосу;
- управление до 4-х электрических задвижек (в комплекте с модулем управления задвижками Control VLV);;
- 3 сымдылықта сұйықтықтың авариялық деңгейін автоматты бақылау;
- жарық индикациясы сақтай отырып, дыбыс дабылдамасын қолмен өшіру;
- сыртқы шынжырлардағы сигналдардың ары қарайғы берілісіне арналған өрт сөндіруге қарсы қорғаныш жүйесі мен ақаулық іске қосылуы туралы сигналының түзілуі;

- негізгі кірмеде кернеу жоғалғанда қосалқы кірмедегі қорғалатын объектіні электрмен жабдықтаудың негізгі кірмесімен бірге ӨСБА автоматты қосу және жалған сигналдардың түзілуінсіз негізгі кірмеде кернеу қалпына келгенде кері қарай автоматты қосылу;
- өрт сөндіру сорғыштары мен технологиялық жабдықты басқаруға арналған қондырғының электр тізбектерінде ақаулықтар туралы жарық және мәтіндік индикациясы;
- Modbus RTU хаттамасы бойынша жүйенің күйі туралы ақпаратты беру мүмкіндігі;
- кезекші режимінде желілік ақпараттық таспаның бұзылуы мен КЗ автоматты бақылау;
- кезекшілік режиміндегі үзілуге желілік таспа қуатын автоматты бақылау;
- дренажды сорғымен басқару функциясын тұрақты ағыту мүмкіндігі;
- жокей-сорғымен басқару функциясын тұрақты ағыту мүмкіндігі;
- 1-ші ысырмасы электр жетекпен басқару функциясының тұрақты ажыратқышы;
- Modbus диспетчерлендіру желісінің мекенжайын өзгертуі;
- Қашықтан іске қосу құрылғысын іске қосу мүмкіндігі (бұдан әрі - ҚІҚ).

10.2 Алдыңғы панельдегі түстік және сызбалық индикация

Жүйенің күйінің өзгерісі түстік индикациясы және оператор панелінің сызбалық индикациясы көмегімен ӨСБА алдыңғы панелінде көрінеді. Шамдар көмегімен алдыңғы панельде келесі жағдайлар бейнеленеді:

- «Өрт» (қызыл түсті);
- «іске қосу» (қызыл түсті);
- «Қуаты» (қызыл түсті);
- «Ақаулық» (сары түсті);
- «іске қосу тоқтатылымы» (сары түсті);
- «Автоматика сөндірілген» (сары түсті);
- «Дыбыс ажыратылған» (сары түсті)

Ескерту: ӨСБА алдыңғы панеліндегі барлық сигналдар оператор панелінде мәтінмен қайталанатын.

Оператор панелінде көрінеді (жоғарыда көрсетілгендерден басқа):

- Жүйенің жұмыс режимі (Автоматты/Қолмен/Іске қосуды блоктау);
- Іске қосқанға дейінгі уақыт санағында жүйе уақытының кідірісі, тоқтату/ қайта жаңғырту;
- Сорғының жұмыс режимі (Іске қосу/Тоқтатылған/Авария);
- Дренажды сорғы күйі (Іске қосу/Тоқтатылған/Авария);
- Жокей-сорғы күйі (Іске қосу/Тоқтатылған/Авария);
- Электр жетекті 1- ысырма күйі (Ашық/ жабық/Авария);
- Электр жетекті 2-4 ысырма күйі (Іске қосылған қосымша модульде);
- Резервтікке негізгі қуат көзін енгізудің ауыстырып қосуы (10.7 Control MX оператор панелі индикациясы мен басқаруы тар.).

10.3 Дыбыстық сигнал

Мыналар кезінде істен шығу туралы жарық индикациясын сақтай отырып, дыбыс дабылдамасын өшіру мүмкіндігімен бірге дыбыс сигналының түзілуі (басымдылық тәртібінде):

- «Іске қосу» (ұдайы режимде белсенді);
- «Өрт» (0,2 сек кезеңімен импульсті режим);
- «Назар аударыңыз» (0,5 сек кезеңімен импульсті режим);
- «Ақаулық» (1 сек кезеңімен импульсті режим).

Дыбыстық дабылдамасын жаңарту дыбыстық дабылдамасын ілесетін жаңа хабарламаның түсуі барысында болады.

Нұсқау



10.4 ӨСБА-мен қашықтықтан жұмыс

Control MX ӨСБА-мен қашықтықтан жұмыс үшін қосылатын құрылғының екі нұсқасы бар:







1. Қашықтықтан іске қосу құрылғысы. ҚДП өрт сөндіру жүйесін қашықтан іске қосу инициациясы үшін, мысалы оны «ӨСБА іске қосылымына сигнал» немесе «Қашықтықтан басқару» клеммаларына қосу кезінде (*1-қосымша*) қызмет етеді, мұнда ҚДП көмегімен іске қосуды қашықтан қайтару мүмкін емес. Control MX ӨСБА базалық жиынтығына бір ҚДП кіреді. Негізгі техникалық деректер, пайдалану бойынша нұсқаулар, сәйкестікті бекіту туралы ақпаратты ҚДП өндірушісінің сайтынан және/немесе Control MX ӨСБА жеткізуші құрамына кіретін құжатнама жиынтығынан қараңыз.
2. Қашықтан диспетчерлеу панелі (ҚДП). Атаулы құрылғы Control MX ӨСБА үшін жеке опция ретінде қолжетімді және ӨСБА-дағы негізгі панельге ұқсас оператордың жеке панелімен жабдықталған. Мұнда атаулы панель негізгі аспапта орналасқан негізгі панельмен салыстыру бойынша басқарудың жоғары басымдылығы бар. Графикалық және жарық индикациясы, сонымен қатар басқару мүмкіндігі оператордың негізгі панеліне ұқсас. Қашықтан диспетчерлеу панелін ӨСБА басқарылымын қашықтықтан диспетчерлеу панелімен қосу кезінде ақпарат алуды тек Modbus TCP хаттамасы арқылы жүзеге асыруға болады, мұнда қорек клеммасы мен байланыстар бұл жағдайларда әрбір жеке жағдайлар үшін опционалды және Қағидатты электр сызбасында белгіленбеген (*1-қосымша*).

10.5 ӨСБА басқару органы мен жарық индикациясы

Control MX ӨСБА сыртқы түрі, ҚДП сыртқы түрі, басқару органының орналасуы, дыбыстық индикация, жарық индикациясының шамы және оператор панелі 7-сур. ұсынылған (әр түрлі орындалымдағы ӨСБА үшін ерекшеленуі мүмкін). Жарық және дыбыс индикациясының органдарын белгілеу 1-кестеде берілген.



7-сур. Өрт сөндіру басқармасының, оператордың қосымша панелімен ҚДП. Сыртқы кескіні.

№	Индикация органы	Тағайындауы
1	 HA1	Дыбыстық зуммер. Өр алуан сигналдардың түсуіне ілесетін әр түрлі қарқындағы дыбыстық сигнал құрылымына арналған. (10.3 «Дыбыстық сигнал» бөліміне қараңыз).
2	 SA1	Жүйенің іске қосуды қолмен іске қосу/тоқтатуының үш позициялы ауыстырып қосқышы. Өрт сөндіру алгоритмінің күштеп жіберіліміне, немесе оны күштеп тоқтатуына қызмет етеді. Ауыстырып қосқыш кілтпен «ОП» жағдайына жабылады. Жүйені қолмен іске қосу/тоқтатуынан кейін ауыстырып қосқышты бейтарап жағдайға ауыстыру қажет. .
3	 HR1	«Өрт 1», «Өрт 2», «Назар аударыңыз» үрейлі режим индикациясы. Осы сигналдар түсуі барысында қызыл шам жанып тұрады (10.7.2 «Күйі» мәзірін қараңыз)
4	 HR2	Жүйені іске қосу индикациясы. Өрт сөндіру алгоритмінің өңдеуі басталды – қызыл шам жанып тұр
5	 HG1	Жүйе қорегінің индикациясы. Екі қуаттың да бар болуы жағдайында енгізу барысында жасыл шам жанып тұрады
6	 HY1	Ақаулы индикациясы. Ақаулық туралы сигнал (сорғы авариясы және т.б.) түскен уақытта сары шам жанады

№	Индикация органы	Тағайындауы
7		Жүйені іске қосудың қолмен тоқтату индикациясы. ӨСБА есігіндегі үш айқындалма ауыстырып қосқыш «ON» күйіне ауыстырылды - жүйенің іске қосылуы тоқтатылды, сары шам жанып тұр.
8		ӨСБА жұмысының автоматты режимін ажырату индикациясы. Жүйе «Қолмен жұмыс» режимінде немесе «Блоктау іске қосылуы» режимінде жұмыс істейді - жасыл шам жанып тұр
9		Дыбыстық құлақтандыруды ажырату индикациясы. Оператор панелінде дыбысты ажырату түймесі басылған – жасыл шам жанып тұр

10.6 Control MX жұмысының режимі

Режим «Автомат» режимі

«Автомат» режиміне өту оператор панелінің «Жұмыс» мәзіріндегі «Автоматты» түймесінің көмегімен жүзеге асырылады (10.7.4 «Жұмыс» мәзірін қараңыз).

«Қолмен басқару» режимі

«Автомат» режиміне өту оператор панелінің «Жұмыс» мәзіріндегі «Автоматты» түймесінің көмегімен жүзеге асырылады (10.7.4 «Жұмыс» мәзірін қараңыз). Режимді белсіндіру барысында ӨСБА есігінде «Автоматты ажыратылды» шамы жанатын болады.

«Қолмен басқару» режимінде болуы мүмкін:

- негізгі сорғылар іске қосу/тоқтату;
- қосымша сорғылар іске қосу/тоқтату;
- жокей-сорғыны іске қосу/тоқтату;
- дренажды сорғыны іске қосу/тоқтату
- электр жетегімен ысырманы ашу/жабу;
- негізгі және резервтік сорғыны бір мезгілде іске қосуға жол берілмейді.

«Іске қосуды блоктау» режимі.

«Іске қосуды блоктау» режиміне өту оператор панеліндегі «Жұмыс» мәзірінің «Басқаруды ажырату» түймесінің көмегімен жүзеге асырылады (10.7.4 «Жұмыс» мәзірі, қараңыз).

Осы режимге ауысу барысында жүйе қандай да бір әрекетсіз тек қабылдау мен сақтауды жүзеге асырады. Режимді ажырату тек оператор панелінің көмегімен ғана жүзеге асырады.

Назар аударыңыз! *Үш позициялы ауыстырып қосқышты ӨСБА есігінде іске қосу/ тоқтату жағдайына қалдырмауды , тек оны аралық позицияға ауыстыруды ұсынады*

Дренажды сорғымен басқару

Автоматты жұмыс режимінде дренажды сорғыш дренажды сорғы қалтқысының құрғақ байланысының тұйықталуы барысында жіберіледі және осы байланыстың тұйықталуы жағдайында ажыратылады. Жүйенің қолмен жұмыс режимінде дренажды сорғы жіберіледі және оператор панелінен тоқтатылады. Дренажды сорғының жіберілімі/тоқтатылуы туралы, сонымен қатар авариялар мен ақаулар туралы ақпараттар оператордың жұмыс панелінде мәтіндік ескертулер облысына шығарылады. Дренажды сорғының жұмысы/ақаулары туралы ақпараттар жүйенің жұмыс журналында сақталады.

ӨСБА-да дренажды сорғымен басқарудың ажырату мүмкіндігі бар (10.7.6 «Баптаулар» мәзірі бөлімін қар)

Жокей-сорғымен басқару

Автоматты режимде жокей-сорғы жокей-сорғы құрғақ байланысының тұйықталуы барысында жіберіледі. Және осы байланыстың ажырауы барысында сөндіріледі. Жұмыстың қолмен жасау режимінде жокей-сорғы жіберіледі және оператор панелінен тоқтатылады. Жокей-сорғыны жіберу/тоқтату ақпараты, сонымен қатар авариялар, ақаулар туралы ақпараттар оператордың жұмыс панеліне мәтіндік ескертулерімен шығарылады. Жокей-сорғы жұмысы/ақаулары туралы ақпараттар жүйенің жұмыс журналында сақталады. Егер жүйе «автомат» жүйесінде болса, онда негізгі сорғыны жіберу барысында жокей-сорғының автоматты ажыратылуы болады.

ӨСБА-да жокей сорғымен басқарудың ажырату мүмкіндігі бар (10.7.6 «Баптаулар» мәзірі бөлімін қар).

Электржелілі ысырмамен басқару

Қолды режиммен басқаруда бақылаушы оператор панелінен команда бойынша электр жетекті ысырмасының ашылуы/жабылуына сигнал береді. Басқару блогынан жауаптық сигналды алу барысында ысырмамен белгілі бір уақыт ішінде ашу/жабуға қайта белсендіріледі, бақылаушы экранына ысырманың күйі туралы ақпарат шығарылады (ашық немесе жабық). Егер уақыт өтуі барысында бақылаушы ысырманың ашық/жабықтығы туралы сигнал алмаған болса, бақылаушы экранына авария туралы хабарлама шығарылады.

Аварияны тастау және ысырманы ашу/жабу үшін ақауды жою керек және бақылаушы экранындағы «ашу/жабу» алаңын қайта басу керек. (10.7.4 «Жұмыс» мәзірін қараңыз). Бақылаушымен ысырмасының сигналын алуында бақылаушы ысырманың ашу/жабуын солай қайта белсендірсе, бақылаушы экранына хабарлама шығады. Өрт сөндүрі жүйесін жіберу барысында бақылаушы ысырманың ашылуына сигналын егер ол авариялық сигналдарға тәуелсіз түрде ашық болмаса белсендіреді. Сонымен қатар бақылаушы экранына ысырманың ағымдағы күйін шығарады «ашық», «жабық», «авария».

Құрылымдаудың басқа нұсқалары мүмкін емес.

ӨСБА берілетін сигналдар, Modbus хаттамасы бойынша деректерді беру

ӨСБА басқарылымы және өртке қарсы қорғаныш жүйесінің күйі туралы ақпарат алуды Modbus RTU (Шнайдер Электрик) және Modbus TCP хаттамасы арқылы жүзеге асыруға болады. Modbus RTU үшін қосылым сызбасы «Қағидатты электр сызбасы» 1-қосымшасында келтірілген. Modbus TCP хаттамасы бойынша қосылым контроллерге тікелей жүзеге асырылады (Ethernet порты) Сигналдар кестесі «Modbus хаттамасы арқылы баланысқа арналған сигналдар кестесі» 2-қосымшасында келтірілген

Ескертпе: ӨСБА басқаруын және ақпарат алуды диспетчерлеудің қашықтық панелі бар ЭДУ қосылымы барысында Modbus TCP хаттамасы арқылы жүзеге асыруға болады.

10.7 Control MX оператор панелі индикациясы мен басқаруы

10.7.1 Басқару органына қолжетімділік

Control MX з басқару органына қолжетімділік арнайы кілтсөзбен қорғалған.

Нұсқау

Құпия сөз мәні дайындаушы зауытта орнатылады және қолданушымен өзгертілмейді. Control MX – 9101 ӨСБА-на арналған құпия сөз мәні.


Егер осы құпия сөз енгізілмесе, онда ӨСБА басқару атқарылымдары мен күйге келтіруге қолжетімділігінің барлығы блокталған «Оператор режимінде» болады, «Күйі» мен «Хабарлама» екі экранының арасында деректер мен параметрлерді өзгертуінің ешбір мүмкіндігінсіз тек қару мен ауыстырулар ғана мүмкін болады. Басқару органына қол жеткізу және күйге келтірулерін өзгерту үшін 2-түйме «Әкімші режимі» қызмет етеді. («ӨР» 9-суретті қараңыз). Басқаннан кейін бақылаушы экранына «Құпия сөзді енгізіңіз» сөзі шығады (9-суретті қараңыз).



8-сур. Оператор панелінің экранында «ӨР» түймесінің басылымы.

Басу барысында бақылаушы экранының алаңына енгізу үшін енгізу терезесі шығады. (11-суретті қараңыз). Құпия сөз

экранда сандық пернетақта көмегімен енгізіледі және «Enter» түймесімен бекітіледі. Егер кілт сөз дұрыс енгізілген болса, енгізу терезесі жоғалып, орнына «Кілт сөздің сәтті енгізілуі» хабарламасы және «Жабу» түймесі көрінеді. Оны басқаннан кейін мәзір астыларына және ӨСБА функцияларына қолжеткізіледі.



9-сур. Құпия сөзді сұрау терезесі



10-сур. Кілт сөзі енгізу терезесі

Ескертпе: ӨСБА -ды «оператор режиміне» қайтару және басқару функцияларына қолжетімділігін блоктау үшін, контроллер экранындағы «РО» 1-түймешігін басу керек.

ӨСБА сонымен қатар «Әкімші режимінде» 30 минут болған соң, автоматты түрде «Оператор режиміне» өтеді.


ӨСБА ағымдағы режиміне байланыссыз өрт сөндіру алгоритмін іске қосуды ӨСБА есігіндегі үш айқындалмалы ауыстырып қосқышын «Іске қосу» күйіне ауыстыру жолымен жүзеге асыруға болады.

Қашықтықтан диспетчерлеу панелін «Әкімші режиміне» ауыстыру кезінде негізгі панель автоматты түрде «Оператор режиміне» өтеді және «Күй» мәсіріне ауысады, «РО» және «РА» түймешіктерінің орнында мына хабарлама көрінеді: «Басқару ҚДП-мен жүзеге асырылады». Атаулы режимде негізгі панельді «Әкімші режиміне» ауыстыру қашықтық панелі «Оператор режиміне өткенге дейін мүмкін емес.

10.7.2 «Күйі» мәзірі

Атаулы мәзірдің экранына өртсөндіру, өрттік, дренажды және жөкей-сорғылар, қысым релесі, электр қорегі енгізілімі және сырмалар жүйесінің күйі бейнеленеді, жүйедегі соңғы үш оқиғалар көрсетілімі шығарылады (12-суретті қараңыз).

Атаулы бөлімде және бұдан әрі мәзір мен басқару түймелерінің сипаты бір басты және бір резервті сорғылы Hydro MX 1/1 жүйелерінің мысалында келтірілген. Функциялар мен мәзірдің жалпы сипаттамасы өрт сөндірудің барлық қондырғыларына біртұтас.



11-сур. «Күй» мәзірі

- 1 – Келесі мәзірге өту түймесі сол жақта. (осы жағдайда «Жұмыс» мәзіріне)
